

## Патриоттыққа үндейтін спектакль

Жақында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі шырқабек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының тыңдаушылары «Боздаған боздақтар» спектаклін тамашалады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер Жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие», деп атап өткен болатын.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауын қолдау және негізгі бағыттарын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы басшылығының ұйымдастыруымен, тыңдаушылардың жан-жақты дамуына жағдай жасау, олардың рухани-адамгершілік мәдениетін арттыру, бойында қазақстандық патриотизм сезімімен азаматтық жауапкершілік ұстанымын нығайту барысында 2015 жылдың 21 ақпан айында күндізгі оқыту факультетінің барлық тыңдаушылары бір адамдай Ілияс Омаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театрында *«Боздаған боздақтар»* атты спектакльді тамашалады.

Баршамызға мәлім. Тарихта теңдесі жоқ ұлы оқиға – Ұлы Отан соғысы. Ұрыс даласында қаншама ағаларымыз бен апаларымыз, батырларымыз өрімдей жастайынан соғысқа аттанған жастарымыз мерт болды. Олардың ержүректілігі, қаһармандықтары, батырлықтарымен қайсарлықтары мәңгі есімізде қалады.

Спектакльде халық алдындағы азаматтық борыштарын адал атқарып, өздерінің Отан, туған жер алдында нағыз патриот атанған, Жеңіс жолында өздерінің жандарын аямаған, төрт жылға созылған соғыста қайсарлықпен батылдық, күш-қуат танытқан, соғыста қыршын кеткен боздақтар туралы көрсетілді.

Осы спектакль оқу ордасының тыңдаушыларына елін қорғаған халқымыздың батыр ұлдары мен қыздарын есте сақтауға, біздің

аталарымыз бен бабаларымыздың соғыста жанқиярлық күресі мен жеңісін үшін ерліктерін үлгі тұту бәрімізге ортақ парыз. Олар біздерге бейбіт өмір, нұр сәулесі мен ашық аспан сыйлады. Олардың ерліктері оқу ордасында білім нәрін алып жатқан әр тыңдаушының, яғни болашақ Отанын, елін қорғайтын ішкі істер органы қызметкерінің мәңгі жадында сақталады.

Орынбасар Уақпаева  
Қазақстан Республикасы ІІМ  
Қостанай академиясы  
Баспасөз қызметінің баспасөз хатшысы